

Қылмысқа қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 28 қазандағы N 1092

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылдың 30-31 қазанында Өзбекстан Республикасына ресми сапарының барысында екіжақты келісімдерге қол қойылатынына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қайырбек Шошанұлы Сүлейменовке Қылмысқа қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге қол қою үшін өкілеттік берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі